

Сагит Садыкб



ТАҢГЫШЫҚ



*САФИТ САДЫКОВ*

**ТАҢҒЫ ШЫҚ**

*ӨЛЕНДЕР*

**«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ,**  
Алматы — 1981

Каз 2  
С 15

**Садықов Сагит.**

**С 15 Таңғы шық. Өлеңдер.— Алматы, «Жазуши», 1981.— 56 бет.**

«Таңғы шық» — Сагит Садықовтың тұңғыш жинағы. Бұл шығармаларында ол замандастарымыздың өмірі мен еңбегін, сүйініш-толғаныстарын шабыттана жырлайды. Әдемілік, сұлулық, әсем өнер акынның жиі-жіңі оралып отыратын сүйікті тақырыбының бірі.

Өзі Ұлы Отан соғысына қатынасқан майдангер автор, «Елдігім менің», «Батыр туралы баллада» атты толғауларында соғыс жылдарын, Совет солдатының ерлігін мадақтап, бейбіт өміріміздің салтанатын сөз етеді.

С 0700—021  
402(05)—81—101—81 4702230200

Каз 2

© «Жазуши» — 1981

**Сагит Садыков**

**РОСА ПОУТРУ**

**Стихи**

(на казахском языке)

Редактор А. Ахметов. Художник А. Тастаев.

Худ. редактор Т. Ордабеков. Техн. редактор Н. Галицкая.  
Корректор Ж. Нурғожина.

**ИБ 1675**

Сдано в набор 11.11.80. Подписано к печати 3.02.81. УГ21009.  
Формат 70×90<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Бумага тип № 1. Гарнитура литературная.  
Печать высокая. Печ. л. 1,75. Усл. печ. л. 2,04. Уч.-изд. л. 2,1.

Тираж 4000 экз. Заказ № 5002. Цена 25 коп.

Издательство «Жазуши» Государственного комитета КазССР  
по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046,  
пр. Абая, 143.

Типография оперативной и билетно-бланочной продукции про-  
изводственного объединения полиграфических предприятий  
«КИТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам  
издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата,  
ул. К. Маркса, 15/1.



\* \* \*

Сүйемін алтын арай нұрлы елімді,  
Сүйемін тың түлеткен гүлді өнірді.  
Сүйемін ашық аспан сұлулығын,  
Көңілге медеу қылған жырлы өмірді.

Әр сөзі аялаған адам жаңын,  
Сүйемін шұғылалы заман заңын.  
Ол менің күн дидарлы бақыт көркім,  
Ол менің өмір атты — жаң арманым.

Үн қосып кеудемдегі қуанышқа,  
Жыр соғып жүрегімде тұрады ұста.  
Балқыған сол сынаптай сезіміммен,  
Қосылып тартып келем ұлы ағысқа.

Ісіме, өнеріме талап берген,  
Білуге, үйренуге тағат берген.  
Советтік құдіреттім де, құрметтім сол  
Мен — шәкірт, ол — ұстазым сабак берген.

\* \* \*

Соғыстан соң еккен едім бір шыбық,  
Жапырақ жайып қаулап өсіп тұр шығып.  
Еңбегімен адам сыйлы болсын деп,  
Берген екен әсемдікті тіршілік.

Қанша байлық адам қолы жасаған,  
Мен де саған үлесімді қоса алам.  
Тыншымаймын жүртқа сыйлап жырымды,  
Көп болсын деп еңбек құмар дос адам.

Ісімізді планетамыз ән қылып,  
Құлкімізден оянса екен таң күліп.  
Жау дегенің өшіріліп сөздіктен,  
Бас әріпті тұрса достық мәңгілік.

Жасай берсін, жасай берсін тіршілік,  
Өсе берсін әрбір бебек — бір шыбық.  
Барлық әлем гүлге оранып жатсын деп  
Оралғанбыз рейхстагқа ту тігіп!

## КОММУНИСТЕР

Жұлдызын тосып үміттің,  
Жанымды күнге жылыштым.  
Коммунистерден үлгі алып,  
Бақытты болу қызық тым.

Бір әнді қозғап бір әнім,  
Самғайды көңіл-пырағым,  
Көтерген көкке еңсемді  
Коммунистер — алғыр қыраным.

Жалғасып ертең бүгіндер,  
Жаастық көркім күлімдер.  
Өмірді сүйген жүрекке  
Коммунистердің жырын бер!

Жүргендей бірге күн көсем,  
Арманыммен де тілдесем.  
Жүрегімді күнде жылытқан  
Коммунистерім жүр есен!

## ОРЫС ДОСЫМА

Біздер алғаш таныстық,  
Кешегі қан майданда.  
Кейін тағы табыстық,  
Тың көтерген ауданда.

Ыстық жүрек лебіңмен  
Қыстың, досым, қолымды.  
Құтты болсын дедім мен,  
Келгенің тым орынды.

Доспен жұмыс істеген  
Әрі жеңіл, өнімді,  
Өмір сұру доспенен  
Кандай қызық көнілді.

Достар үшін әрдайым  
Ашық менің құшағым.  
Эн-жырымды арнаймын,  
Бауырыма ап қысамын.

## АНАМА

Айдай аппақ, күндей нұрлы ажарлым,  
Жаны дарқан — жәрменкелі базарлым.  
Мен ауырсам тоқсан түрлі ем іздең,  
Жан дертімнен сауықтырып ала алдың.

Тербеуші едің аясында әр әннің,  
Жібек баулы ақ бесігін балаңның.  
Көңілім шалқып сен күлгенге шаттанып,  
Сезінуші ем тыныш күндер хабарын.

Білте, майы таусылса да фонарьдың,  
Күн көзіндей жанарыңдан нәр алдым.  
Жүргіме бар ғаламды сыйғызған,  
Саган теңеу қайдан ізден табармын.

Ақ таңындағы мынау нұрлы заманның,  
Бүгін жарған бір гүлің бол жарапдым.  
Аумай тартқан немереге сүйсінің,  
Сағынышпен өзінді еске аламын.

## ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ ЖЫЛҒЫЛАР

Бәйгі атындағы аршынды,  
Уақыт тізгін бермейді.  
Біз өткерген бар шындық,  
Жыр бол жүрек кернейді.

Келді кезек маған да,  
Жігіттікті жыр қылар,  
Жадымдасың әмәнда,  
Жиырма алтыншы жылғылар.

Шаншып жауды жерінде,  
Ту қадаған ұл бұлар,  
Тың көтерген елімде,  
Жиырма алтыншы жылғылар.

Қайсың қалай үйлендің,  
Ашылмаған сыр бұлар,  
Бұл да елдікті сүйгендің,  
Жиырма алтыншы жылғылар.

Колда барды бөлісіп,  
Өмір сырын бірге ұғар,  
Дәстүр құрған келісіп,  
Жиырма алтыншы жылғылар.

Егін орып, мал жайып,  
Жұлдыздағы сырды ұғар,  
Ісің неткен ғажайып,  
Жиырма алтыншы жылғылар.

Алатаудай айбарлы,  
Қырау шалған шың бұлар,  
Бұлтсыз күндей жайдары,  
Жиырма алтыншы жылғылар.

Өнерімен қуантып,  
Көңілге күй тудырар,  
Халқын сүйгенді құмартып,  
Жиырма алтыншы жылғылар.

Күзде көктеп құлпырған,  
Арман атты гүл бұлар,  
Ұлы-қыздары үй құрған,  
Жиырма алтыншы жылғылар.

Ағарса да шаштарың,  
Қартаймаңдар, құрбылар,  
Құрдастарым, достарым,  
Жиырма алтыншы жылғылар!

## ДАЛАНЫҢ АҚ ГҮЛІ

Арайлан атты таң,  
Ақ гүлдер оянды,  
Дүние шаттықтан,  
Ақ нұрға боялды.  
Сен түрдүң, анажан,  
Көз алмай даладан.

Аялаи ақ гүлді,  
Бақытқа балаған.

Әділет арманын,  
Самғатың алысқа,  
Аттанды жан-жарың  
Солдат бол соғысқа,  
Ақ гүлдей, аناшым,  
Мөлтілден көз жасың,  
Сездірмей қайғынды,  
Еңбекпен жалғастың.

Ай өтті, жыл өтті,  
Сағыныш жүдettі,  
Кинады сол бізді,  
Жандырды жүректі,  
Қайғырма өткенге,  
Ер жетті енді үлың,  
Ақ гүлдей көктемгі  
Жайранда, сен бүгін!

## ӨНЕРІМ-АЙ

Өнерім-ай, сұлу мұсін құрметтім,  
Сенсіз қайтіп қызық дәурен сұрмекпін.  
Өмір бойы жұпарыңмен тынысталап,  
Сенің адад тәрбиенде үлгі еттім.

Ренжіме кеш айттың деп назыңды,  
Сағынамын көктемінді, жазыңды.  
Сені сүйіп, саған ауған арманым,  
Мәңгілік бол жүрегіме жазылды.

Менің үшін, өнер, атың ұлы есім  
Сәуле шашып қызықтыра бересің.  
Үмітімнің қос қанаты секілді,  
Мені алысқа алдып ұшып келесің.

Жылұымсың, жарығымсың жанатын  
Мен — көбелек сенен рахат табатын.  
Сахнадағы әнім менен күйім де,  
Ақ қағазға суретім сен салатын.

Жүрсем-дағы салтанатты қалада,  
Жүрсем-дағы толқынданған далада,  
Өзіңменен үйқасады өлеңім,  
Өлеңіммен бірге еседі самала.

Өнерім-ай, сұлу мұсін құрметтім,  
Ақ мандайлы арманысың сен көптің.  
...Сұлулығың сезімінді оятып  
Самалыңа жаным сергіп, бірге өстім!

## АҚ ТІЛЕК

Жұбан Молдағалиевке

Мен де бір өнерпазын, Жұбан аға,  
Көңілім өлең-жырсыз құба дала.  
Алауын таң нұрының көрмей адам,  
Өмірден үміткер бол жүре алар ма?!

Әдетім жыр оқысам қуанатын,  
Жәрменкем асыл сөзден құралатын.  
Тұр мениң төргі бөлмем сөресінде,  
Рухани ырысымдай Жұбан атың.

Қазақта жазушы да, ақын да көп,  
Олардан бөлектенер қақым да жоқ.  
Сонда да сенің үнің сағындырып,  
Өлең бол түнейтіндей қасымда көп.

Тәтті үміт тамсандырып ояңғанда,  
Жырына ғашық көңіл тоя алған ба.  
Алдында алау ұстап түрғандайсың,  
Шомылтып өнерліні ой-арманға.

Өлеңмен орнатқандай шыңға мүсін,  
Әр тілде жиһан кезіп жүр дауысың.  
О баста қазақ отау тіккен жылы,  
Шыр еттің дүниеге, жырлау үшін.

Алпыс жыл сонан бері өтсе-дағы,  
Әр жылдың өзің болдың бесқонағы.  
Құлпыртып жыр көктемін нөсеріңмен,  
Өмірге құштар еттің басқаларды.

Бұл күнде ел де алпыста, сен де алпыста,  
Әлі тың, балға соғып жүр қарт ұста.  
Өзіңе бапкерлігің жарасып тұр,  
Жырларың самғай берсін үшқан құсша!

## ТОЙ ӘСЕРІ

Бар тіршілік бір мен үшін жарадып,  
Бір мен үшін сән-салтанат құрғандай,  
Кеудемдегі даналық пен балалық  
«Арман» атты дуэт айтып тұрғандай.

Тағат таппай алды үшіп кеңілім,  
Тез-тез басып келіп жеттім алаңға,  
Алаулайды менің қызық өмірім,  
Жалаушадай нұр таратып ғаламға.

Жазира жаз, жұпар іісі аңқыған,  
Адам жанын үмтүлдырған арманға.  
Қандай ыстық шат күлкілер шалқыған,  
Достар үні естіледі қырдан да.

Домбыралар жаңа күйге бұралып,  
Әсем әндер қанат қақты биқтен.  
Елендеймін соны тыңдаип бірауық,  
Құмарланып ел өнерін сүйіп мен.

Біреулер жүр ат қамшылап, қыз қуып,  
Біреулер тұр тамашалап бәйгіні.  
Кезек-кезек жас палуандар бел буып,  
Әзіл-оспақ гүлеп жатты той құні.

Құн бойына ел қызығын дамылдаپ,  
Дүйім халық жан рахатын табады.  
Мейрам сайын жаңа бір ой жалындаپ,  
Достығымның арман отын жағады.

Көңіл шіркін қыз-жігіттей бой жеткен,  
Жайып салып үміттің жыр кілемін.  
Ертеңімді қарсылаумен еңбекпен,  
Картаюға уақыт таппай келемін.

## ҚӨҢІЛ ҚАСИЕТІ

Уа, жауқазын нәрестем, сені көріп,  
Елжірейді ет жүрек мейрім төгіп,  
Аңғал ем ғой өзіндей, тәй бастым да,  
Көремісің тұрмын мен қайда келіп.

Бұл өмірде болсын деп өз дегенім,  
Жігіттікпен желігіп жезде болдым.  
Балдыздар да жатсынбай үйрек боп,  
Жалғыздықты әсте бір сезбеп едім.

Күйеу ем ғой қалайша қайнағамын,  
Тым асығыс екен деп ойға аламын.  
Келіндер де базарлы болып қапты,  
Бәрі туыс, бәрі дос айналамның.

Жаны дарқан ақындей жыр ұшырған,  
Келсем бүгін ертелеу жұмысынан,  
Бір жиенім еңбектеп өлең айтып,  
Екіншісі жылап түр, інісі ұрған.

Кемпірім жүр бәрінің ортасында,  
Өңгеріп ап кенжесін аркасына,  
Біздің үйде жәрменке боп жатқандай,  
Қосылдым кеп солардың алқасына.

Өмір заңын ұғынып білгендеймін,  
Жидесі мол тоғайға кіргендеймін.  
Әжесі отыр жоғалтқан ақ бантигін,  
Тауып алып шашыма ілгендейін.

Солар көрсін аталық өнерімді,  
Қызықтаумен күтейін келер күнді.  
Бүгін тағы ұшырдым пәк көңілден,  
Бесік жыры деген бір өлеңімді.

## ҮҢІЛДІМ БІР СӘТ АЙНАҒА

Әтірлеп бүйра шашымды,  
Үңілдім бір сәт айнаға.  
Тұр екен бір шал ашулы,  
Сұқтана қарап ойлана.

Япыр-ай, мынау әкем ғой,  
Дедім де кенет селк еттім.  
Өткеннің бәрі қатерге,  
Орала кетті, сыр шерттім.

Балаша бейқам сүрінген...  
Жүріске қайта қамданым.  
Ата боп қаппын бүгін мен,  
Айнадан оны аңғардым.

Армандар шоршып ұшқандай,  
Көз алмай қаппын қадалып.  
Әндептіп өткен құстардай,  
Алыстай берді балалық.

Ақ қырау басқан самай шаш,  
Ұсап тұр мына өзіме.  
Шал болпын әкем қарайлас,  
Көңілім жігіт кезімде.

Өкініш емес бірақ бұл,  
Сабырлық бергей ұлыңа.  
Ел үшін жұрсем ұзақ жыл,  
Тұрар ма екем сыныңа.

## БАЛАЛЫҚТЫ АҢСАУ

Уа, балалық, кайдастың, қай жақтасың,  
Көрінші бір көңілім ойнақтасын.  
Жалт еткеннің бәріне қарай берем,  
Сенің күлкің жанымды жайнатқасын.

Уа, балалық, сен неге шет жүресің,  
Әлде ойынға алаң боп кетті ме есің?  
Өзің едің аңсарым-арман құсым,  
Тұндігінен көңілімнің кеп кіретін.

Алыстаған сағымдай мұнастасың,  
Сагыныштан ағарған шығар шашым.  
Аңсағанда көңіліме өлең-жыр боп,  
Шабыт сыйлап, сүйсінтіп, қуантасың.

Өнерлінің сені аңсап шықса үні,  
Ел үшін деп көңілінде ұста мұны.  
Қинайтыны тек мені, сен жоқ жерде  
«Кәрі қойдан» тағдырдың қысқа күні.

## САҒЫНЫШ

Көктемғі шақта,  
Көгілдір уақта,  
Сайрайды бұлбұл,  
Тербеліп бақта.  
Мәнерлі өнер-әсермен,  
Табысып достар,  
Билейді жастар.  
Отырмын үнсіз,  
Шашымда ақ бар,  
Мұрадай қалған әкемнен.

Қараймын гүлге,  
Қараймын күнге.  
Барлаймын бәрін,  
Жастармен бірге.  
Көңіл мен ойды жүгіртіп,  
Қиялмен ұшып.  
Ғаламды құшып,  
Шарлаймын бір сәт.  
Жігіттік қысып,  
Шашымның ағын ұмытып.

Бақша іші сайран,  
Кеудемде майдан.  
Мазасыз жүрек,  
Салады ойран.  
Тарылтып арман тынысын,  
Бәрінен қын.  
Осы бір түйін,  
Байлайды қолды.  
Шаршайды миын,  
Шықпайды үнің, сыйысың.

Мен үшін бірак,  
Бәрі де жырак.  
Бәрі де сртек,  
Бәрі де жұмбақ.  
Софыс жыл көрген түстердей.  
Жамаулы көңіл,  
Жасқаншақ не бір  
Сағыныш екен,  
Көктемгі өмір,  
Тулайды әттең күш бермей.

\* \* \*

Сүйемін кең даланың ақ самалың,  
Сүйемін шат күлкісін жас баланың.  
Солар ғой айналама толтыратың,  
Хош иіс жұпар лебін бақшалардың.

\* \* \*

Сағындым мен гүл жазира майымды,  
Сағындым мен қалампырлы қайынды.  
Сағынышты жыр-бұлақтан суарып,  
Өрге үйретіп келем көңіл-тайымды.

Сипап өткен самалы да даламның,  
Аймалайды әлдиіндей анамның.  
Осынау бір жасыл дарқан өмірден,  
Басталғандай бал дәурені жаңа әннің.

Кек белеске күн шұғыла төккендей,  
Жан жайлауым құлпырады көктемдей.  
Мал мыңғырып ел жайлауға көшкенде,  
Бұл дүние өлең-жыр боп кеткендей.

Аясында көктем атты арманның,  
Пәк көңіл мен үмітіме жалғандым.  
Желе жортып тай бурылдың үстінде,  
Құндақтағы домбырамды қолға алдым.

\* \* \*

Алматыға барада,  
Өнер ұмыт қалар ма,  
Жырларымды парактап,  
Жал-құйрығын тарактап.  
Келтіремін ретке.

Алматыға келгенде,  
Алатауды көргенде,  
Риясыз құлімдеп,  
Жыр оқимын біріндеп,  
Маза бермей жүрекке.

Алматыдан кетерде,  
Өр максатка жетердей  
Үміт-моншақ тағынып  
Ауылымды сагынып  
Риза болам құрметке.

Әзірше жәй осылай,  
Осылай-ақ болсын-ай  
Менің албырт көңілім  
Жырын жырлап елімнің  
Барын сыйлас жүр көпке!

\* \* \*

Тосын бір сәт солдат көрсем болғаны,  
Елестейді сонау майдан жолдары.  
Көкірегім қартага ұсап төселіп,  
Шылдайды Европаның орманы.

Ел бірлігін медеу етіп көңілге,  
Жауды құдық құштарлықпен өмірге.  
Әлі күнге соғыс деген сол сөздің,  
Жарақаты жазылмай жүр көңілде.

Адам біткен екі жақ бол аңдысып,  
Шөп басында дір-дір етті таңғы шық.  
Жұмыр жер де азаланған анадай,  
Аунап жатты қайғыланып қан құсып.

Кастандықтың шаңы торлап аспанды,  
Өрт шарпыды бүрін жарған жас талды.  
Комсомол ем, қайсар едік жау қуған,  
Ұмытқам жоқ сол он жеті жасты әлі!


## МАЙОР МАУЛЕТОВКЕ

Кетпеген жаз дидары келбетінен,  
Көңілің Ақжайықтай тербетілген.  
Құлқіндег Сары өзеннің сыңғыры бар,  
Үніңмен жаңғырысып бірге күлген.

Өмірдің ұғынғандай жәй мәнісін,  
Ой ұштап қаламмен де айналыстың,  
Іздерің жауды қуған, жырга айналып,  
Жоғалтпай жалғап жүрсің арман ұшын.

Қасарып кан майданда жеңілмеген.  
Қараймын нәр тұлғана сенімменен.  
Қайратың сақталғандай жігіт күйде,  
Сарыала орден, медаль өңірленген.

Жерлесім, ауылдастым, ақылдастым,  
Танимыз өздерің деп ғасыр басын.  
Жүрсөң де алты ондықты дөңгелетіп,  
Ініге қайрат берер жасындаисың.



\* \* \*

Сенің күлкің арманымның ақ таңы,  
Сенің көркің сұлулықтың аспаны.  
Албырттығың үңілдіріп, тамсантып,  
Үзілдіріп ойлатпайсың басқаны.

Жапырақтай жібек желге тербеліп,  
Еркелейсің жаастыққа жол беріп.  
Жаңбыр болсам шомылдырып алар ем,  
Аялаған қызғалдағым сен болып.

Шатқалдағы жалғыз аяқ өткелдің  
Жағасына жанымды алып көп келдім.  
Сен өттің де, арғы жақта күттің-ау,  
Әттең, әттең, мен тәуекел етпедім.

Ұзарса да мынау кешкі көлеңкем,  
Жігіт көніл, тұrap сүйіп, сені еркем.  
Жүргегінде сыр сандығым сакталған,  
Бір құпия тұңғиықсың терең сен.

## ЖОЛДА

Жолда ән салып келемін,  
Дала ғұлдерін төремін.  
Аққан бұлақпен жарысып,  
Арман соңынан еремін.

Жолда ән салып келемін,  
Аспан мөлдірін көремін.  
Сенің жазира құлқіндей,  
Жадырай түседі реңім.

Жолда ән салып келемін,  
Сергітіп, сүйсініп өлеңім.  
Мендеңі шабытты сәттердің,  
Бәрін де еліме беремін!

\* \* \*

Қөнілімді еліктіріп бүгін менің,  
Жаңыма таяу келіп құлімдедің.  
Тұрдым-ау от айналған көбелектей,  
Баса алмай жүргімнің дүбірлеуін.

Ақ маңдай, қарақат көз, ай қабағым,  
Сен пеге наз құлқінді қайталадың,—  
Дегенді айтқым келіп талпынсам да,  
Теңіздей дауыл соққан шайқаламын.

Еркімнен әкеткендей тегі мені,  
Тынысым алабұртып демігеді.  
Бейтаныс, толықсыған салқын сұлу,  
Кол созым жерден құліп керіледі.

\* \* \*

Аппағым-ау, сүйем десең гүл атам,  
Сол үніңмен көңілімді жұбатам.  
Сонда ғана өзім барын сезініп,  
Сонда ғана өзімді өзім ұнатам.

Бұл өмірде жалғаспасам ешкіммен,  
Күйбендерген тіршілігім еш мұлдем.  
Сенің күлкің жаңғырығым секілді,  
Арманымның жайлауынан естілген.

Екеу ара бағыт алып бір ыңғай,  
Ширатылсақ өзің өрген бұрымдай.  
Өлеңге ұксап жұбымыздың үйқысы,  
Бой көтерсін ақындардың жырындай.

Аппағым-ау, сүйем десең гүл атам,  
Сол үніңмен көңілімді жұбатам.  
Айтқан сөзің медеу болып жаныма,  
Мәңгі бірге жүргеніңді ұнатам.

\* \* \*

Айналдым мен көзіңнен,  
Сағыныш боп қадалған.  
Жыр ұшырдың сөзімнен,  
Нұр тұтатып жанардан.

Айналдым мен күлкіңнен,  
Жылуындай шуақтың.  
Мөлдір шықтай іркілген,  
Ағысындай бұлактың.

Айналдым мен ойынан,  
Шетсіз-шексіз заңгардай.  
Нұктедейсің қойылған,  
Бір бақытсың армандай.

Ыстықсың-ау, сымбаттым,  
Күннің ерке нұрындай.  
Сөзімдегі жұмбақсың,  
Жазылмаған жырымдай.

## ӘНІНДІ АҢСАЙМЫН

Көз салып көктемнің арайлы таңына,  
Аңсаймын, құрбыжан, әнінді сағына.  
Шырқашы қайта бір, жаңғырта даланы,  
Гүлдер де сырласын ән салған шағында.

Ойнақы самалдай, жұпарлы бір жалын,  
Көңілімді мәз етіп, ак гүлдей ырғалдым.  
Тыңдаймын, тоймаймын әуенде сазыңа.  
Үніңе бой балқып, іңкәр боп түр жаным.

Көз салып көктемге — көгілдір сағымға,  
Аңсаймын, құрбым-ау, әнінді сағына.  
Сайрашы, бұлбұлым, тоғайың болайын,  
Ұлассын арманым қалтқысыз жаныңа!

\* \* \*

Нәрестенің күлкісі,  
Ақындардың жыр күші,  
Ана деген сөзде түр  
Бояудың да түр түсі.

Сендер бірі бәрісің,  
Шын шаттықтың нәрісің.  
Таусылмайтын бақытсың,  
Алаулаған жалынсың.

Құшағыңа гүлді алып,  
Құлпырасың ырғалып.  
Әнге айналған армандаі,  
Гүлдене бер бүр жарып.

### ТҮҢФЫШ ЭН

Мөлдіреген бұлақтай,  
Алаулаған шырактай.  
Бір әсем ән қиялымда ойнайды  
Шұғылалы шуақтай.

Ақ сәулесін шашып күн,  
Арманымды тасытсын.  
Осынау әнді бес сзықты дәптерден  
Ұшырғанша асықтым.

Сағынышым самғасын,  
Туған елді шарласын.  
Жүргегімді жарып шыққан, түңфыш ән  
Анашыма арналсын.

### БЕСІК ЖЫРЫ

Жаутаң-жаутаң етесің,  
Жәрмеңкелі бәпешім.  
Өз-өзіңен гүлдең,

Күйлер шертіп кетесің.  
Тәй-тәй басып өсесің,  
Күлімдеші, көкешім.

Арай күнім алтыным,  
Жанарамдай жаркыным.  
Дамыл таптай күн бойы,  
Көңілің өсіл шалқыдың.  
Тербетейін әлдилеп,  
Ұйықтай қойшы, алтыным.

## ҰЛЫМА

Дауысыңан айналайын інгәлаған,  
Сен үшін жыр салаға жырламаған.  
Өзінді жұбатшақ боп искеу үшін,  
Мамаңың қойынынан ұрлап аlam.

Құшқандай жүргегіммен нұрлы күнді,  
Аялап әлділеймін тірлігінді.  
Замана бізді солай өркелетіп,  
Бергендей екеу ара бір ғұмырды.

Шат күлкің берекемдей жалғасатын,  
Әке ойын биіктеге самғатасың.  
Бұлқынып құшағымды мінбе қылып,  
Гуілдеп билік алып үн қатасың.

Мөлдір көз уыз күлкі көк белесің,  
Елесім, тілеулесім, өкшелесім.  
Жүздіріп жүргендейсің айдынында,  
Аңсаған арманымның көк кемесін.



## БАТЫР ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

*Совет Одағының Батыры  
Мәжит Жұнісовке арнаймын.*

Өнерлі еді Эскербек,  
Жұртқа мойын бүрғызыған,  
Ол ерлікті қастерләп,  
Тастан мүсін тұрғызыған.

Ел көзіне тым ыстық,  
Әр қашанда асыл жан.  
«Батыр Мәжит Жұнісов», —  
Деп тұғырда жазылған.

Сол мүсіннің маңынан,  
Кетпей жүрді бір адам.  
Ана болар сағынған,  
Көз айырмай түр онан.

Ақ жаулығын сәл қозғап,  
Күрсінеді ол демігे.

Бір өртеніп, бір мұздаң  
Байқар емес мені де.

Соғыс салған жараны,  
Ушықтырып алғандай.  
Үнсіз дертке таланды  
Ойы ойға жалғанбай.

Тұрғандайын тас солдат,  
Жан төзімін ұзартып.  
Жанарынан жас парлап,  
Толқиды ана құмартып.

Соғыс, соғыс, сүм соғыс,  
Кұлазыттың, жүдettің.  
Ұмыт қалды күн көріс,  
Ажал боп сен дүр еттің.

Сол бір қанды майданда  
Оралматы бұл боздак.  
Балдырғанын ойға алған  
Шіркін ана тұрды ұзак.

Батырлығын ұлының,  
Ұғынгандай мүсіннен.  
Тілсійді елдің ғұмырын —  
Тыныштықты ішінен.

О, гажайып өнер-ай,  
Көрген адам тамсанған.  
Өскербектің шебері-ай,  
Салқын тасқа жан салған.

Тұсті есіме менің де,  
Өз анамның тағдыры.  
Соғыс жылдар көзінде,  
Жұрт көп жылап, аз күлді.

Жас болсам да ол кезде,  
Фашистермен алыстым.  
Ана деген бір сөзде,  
Тұрды Отаны намыстың.

Салқын окоп қар басқан,  
Сықыр етсе елеңдеп.

Автоматқа жармасқам,  
Жау сазайын берем деп.

Ауылдағы шерлі анам,  
Өз саулығын ұмытып.  
Хат жолдайтын ол маған,  
Жан сезіммен жылытып.

Майдан мен тыл арасын,  
Жалғастырып жақсы үміт.  
Содан қуат алтын,  
Сақа солдат — жас жігіт.

Тазартқым кеп жер үстін,  
Қара ниет жендеттен.  
Кайран анам, сен үшін,  
Жауды қудым сен боп мен.

Сағынсам да өзінді,  
Мың сабырлық қыламын.  
Сен сыйлаған төзімді  
Бақытым деп үғамын.

Уа, жасампаз анашым,  
Мен жауыңа оқ аттым.  
Тірі жүріп адастым,  
Тірі жүріп жоғалттым.

Жоғалтқам жок мен, бірак,  
Жанарыңың жарығын.  
Көкірегімде ән үзак,  
Алаулайды жалының.

Мынау тұрған ана да,  
Жан толқытып үлына.  
Қарайды кеп қадала,  
Тас мүсінге қызыға.

Жан ботасын сүюден,  
Жалығар ма анашы, —  
Жансыз тасқа иіген,  
Сағынышын қарашы!

Тоғыскандай ойыма,  
Үнсіз біраз тұрыстык.

Жөн сұрасып кейін біз,

Жақынырак білестік.

\* \* \*

Сонау соғыс жылдары,  
«Казанкада» болып ем.  
Көз алдымда тұр бәрі,  
Үмытқам жок оны мен.

Сары айдынның сазаның,  
Белің беріп бар жанға.  
Қамқор талай ананың,  
Өтгі өмірі арманда.

Әгіз жегіп арбаға,  
Артист болып ән салған.  
Мен сондағы сары бала,  
Құрт майын да тамсанған.

Сонау Нарын құмының,  
Тірлігімен тыныстап.  
Ел өнерін үғындым,  
Елмен бірге қызықтап.

Содан бергі өмірде,  
Талай жылдар өтсе де.  
Мәжитті осы өңірде,  
Көрген күнім есте-ді.

Жұрт жиналып сөз бастап,  
Военкомның алдында...  
Тұрдым мен де көз тастап,  
Жаным толқып зар, мұңға.

Жарқ еткендей күн бейуак,  
Көрінді көкжиегі.  
Құм төскейден құлдилап,  
Кеп жетті бір түйелі.

Шөгерместен қоспағын,  
Ыңғып түсіп солдатша.  
— Мен саптамын, достарым,  
Қозға топты, жол баста.

Деді де ол іркілмей,  
Бағыт алды батысқа.  
Есте қалар бір күндей,  
Эсер алғам сол тұста.

Осы малшы Мәжитті,  
Жұрт бұрыннан білетін.

Талай рет газетте,  
Көрген едік суретін.

Озаты боп ісінің,  
Өнегесін танытқан.  
Еркіндігін күшінің,  
Бөлмейтін ол халықтан.

Өшпес сыры бұл күннің  
Көкіректе сақталып.  
Жылдар үнін жыр қылдым,  
Жан сөремді актарып.

\* \* \*

Бір қарасақ осы маң,  
Толып кеткен адамга.  
Ескерткішке ашылған,  
Тамашалап қарауда.

Шықты ортаға ауылдың,  
Бозаң сары бір шалы.  
Орыс десең әлі күн  
Ол қазақша ұрсады.

Ұрсады да әзілмен,  
Жұбайласып ыңғайға.  
Туысындей наз үнмен,  
Сөз бастайды мұндайда.

Содан болар жұрт өзін,  
Атайды екен қазақ шал.  
Мәжит жайда ол сөзін,  
Баян стті қазақша.

...Әскерге тән айланы,  
Үйренуге мұрша жок.

Жау деген де айлалы,  
Зұлымдығы сонша көп.

Пулеметін боратып,  
Жолды бөгөп тастайды.  
Зеңбіректен оқ атып,  
Бомбасымен жасқайды.

Топырлайды ентелеп,  
Жемтік көрген қасқырдай.  
Тоқтар емес тым өжет,  
Қарсы ұмтылып басқа үрмай.

Білгісі де келмейді,  
Қызыл тулы ел барын.  
Бірак совет ерлері,  
Бұзды жаудың торларын.

Лек-легімен сап құрып,  
Шықты қызыл қырандар.  
Фашистерді састырып,  
Көтерілді ұрандар.

Уралаған жаңғырық,  
Шымырлатып даланы.  
Автоматпен жау қуып,  
Мәжит те ойран салады.

Бір шайқасқа кірді де,  
Жиырма бес жендетті  
Жайратып сап ол міне,,  
Жойқын ерлік көрсетті.

Неткен қазақ бұл өзі,  
Қызу қимыл жасаған.

Деп жау көзбен сүзеді,  
Кашып жүріп тасадан.

Сол фашистер жанталас,  
Днепрден өткізбей.  
Батқан күнмен қарбалас,  
Ақылдары оқты үзбес.

Бәрінен де қын-ды,  
Осы түннің тағдыры.  
Өту керек кейінгі,  
Қалың қолдың барлығы.

Айла тапқыш бұндайда,  
Барлаушылар жиналды.  
Сөйтсе де олар бұл бойда,  
Шешім таппай қиналды.

Күзғі тұман мұнартқан,  
Байқатпайды жан-жақты  
Тек қиялмен ұзартқан,  
Ерлік жолдар жалғасты.

Тоңты бастан бұл батыр,  
Днепрге беттеді.  
Бір шоғыр тал көк жасыл,  
Сыбыры етті шеттегі.

Осы екен деп жол басы,  
Елең етті ол күбірлеп,  
Жапында он жолдасы,  
Гаррты Ылгері біріндең.

Жалақ-жұлақ ауытқып,  
Прожектор соулесі.

Минут сайын шауып кеп,  
Тінткілейді суды осы.

Аспан қайсы, су қайсы  
Айыруың Қын-ақ.  
Сонда да олар шайқасты,  
Жау тылына кіріп ап.

Аз екенбіз демеді,  
Автоматтар от алып,  
Куып атып келеді,  
Кашкан жауды топталып.

Лақтырылған гранат,  
Қоймаларды күл қылып.  
Үсті-үстіне уралап,  
Жүр батырлар құлшынып.

Қып-қызыл от ішінде,  
Он жігіттің айқайы.  
Бүкіл бір ел күшіндей,  
Алған беттен қайтпады.

Осы бір сэт кейінгі,  
Өтті судан қалың қол.  
Тұн тұманы сейілді,  
Бағыт айқын, анық жол.

Таңғы майдан жарқылы,  
Берлин жаққа бет алды.  
Біздің Мәжит сол күні,  
Батыр жігіт атанды.

Прагадай қаланы,  
Ел жауынан тазартқан.

Бұл да Мәжит жаңағы,  
Сенің ұлың қазақтан.

Деп қояды ол жұбатып,  
Сергек сөзбен ананы.  
Жаз көнілі гүл атып,  
Бозаң сары бояғы.

Иә, солай туысқан,  
Үйытасың елдікті.  
Қазақ шалдан білістік  
Болған сонау ерлікті.

\* \* \*

Кездестік бір тосын жәй,  
Ескерткіштің түбінде.  
Ал, шежіре досындаі,  
Сыр шертеді бүгін де.

Үңсіз толқып ана тұр,  
Елдің сырын жаны ұғып.  
Тас мүсін боп бала тұр,  
Күн иұрына шағылып.

## ЕСТЕЛІК ЖЫРЫ

Қазақ ССР-нің халық артисті  
Ш. Қажығалиевке арнаймын.

Ұә, Шәкес, есінде ме, әне бір күн,  
Күлімден шәй құйғаны Дәмегүлдің.  
Отырдық кең бөлмелі зәулім үйде,  
Баиндан естелігін бала күннің,

Тербеліп колхозды ауыл құндағында,  
Өстің сен сонау Нарын құмдарында.  
Күмбірлеп әр ауылда домбыра үні,  
Жауқазын ел өнері түрді алдында.

Өнердің тал бойына жиып нәрін,  
Білдің сен Құрманғазы, Дина барын.  
Өзіңе төрт жасында үстаз еттің  
Ауылдың Шоқат деген күйші шалын.

Шерлінің перне басқан саусақтары,  
Домбыра мектебі еді сол шақтағы.  
Күн санап өнеріңе өнер қостың,  
Ұғынып күй тарихын әр шақтағы.

Еңбекпен сәулеттеніп ел құмдағы,  
Колхоздар клуб салды ол жылдары.  
Аумаған кіп-кішкентай Қүрекен деп,  
Малшылар ортаға алышп күй тындалады.

Басталып домбырамен думан басы,  
Өнерге құштар еттің кәрі-жасты.  
Есімде, сонау Орал сахнасында  
Сайысқа түскенінді, білем жақсы.

Он саусақ перне қуып жорғалады,  
Күй шалқып маңдай терің сорғалады.  
Екі ішек сөйлегендей барлық тілде,  
Көрген ем ақ домбыраң толғанған-ды.

Жүлдесін алқа топтың жеңіп алған,  
Бұл өзі қай ауылдан келген, қайдан?  
Деп қойып кейбіреулер тандай қақты,  
Тамсанып өнеріңе болып қайран.

Жыл еді мың тоғыз жүз отыз тоғыз,  
Әлі де толмаған ек он үшке біз.

Сонда да Ұялының күйшісі деп,  
Озінен тарап жатты жақсы лебіз.

Арманың толқынымен жарысқандай,  
Шексіз сұңнер жолы алыс қандай.  
Әкетті құдіреттей талпындырып,  
Бұлқынтып жас көңілің арыстандай.

Бұрқ етті ойда жоқта соғыс өрті,  
Бұлттанып күңгірт тартты өмір көркі.  
Ол кезең кім-кімді де қинап еді,  
Қимадық жүректегі елдік сертті.

Армандар шарпылғандай оқ-тұтінге,  
Үміттер құлазумен өтті күнде.  
Сонда да күй шертуден жалықпадың,  
Саспадың бар үшін де, жоқ үшін де.

Сүм соғыс мерт қылмасын ел мұрасын,  
Дегендей күйттеп көңіл домбырасын.  
Тиістің алабұртқан жан сезіммен,  
Өнердің ұзартқың кеп өмір жасын.

Қазақтың Жұбановтай іздемпазы,  
Туган деп бір кішкентай Құрманғазы.  
Озінді алдырды да Алматыға,  
Жарқ етті арманыңың өнер жазы.

Мен сонда риза боп жігеріңе,  
Коштастың жүрек тақап жүргегіңе.  
Аттаңдық сен окуға, мен майданға,  
Екеуміз гашық едік бір өмірге.

Осылай кеттік алыс құлдырасып,  
Жалгасты жамау күндер жылға үласып.

Аспанды ажал бұлты торласа да,  
Жаңылмай бір пернеден түрдық басып.

Бейне бір өмір ертең, өнер — жұмбак,  
Ақын да арман еткен соны жырлап,  
Бір күні операның кең залында,  
Отырдым оркестрді көріп, тыңдал.

Домбыра, қобыз, сырнай қосылғанда,  
Мәнерлі үн желдей есіп жосылғанда.  
Келғендей көне тарих шежіре шал  
Нарыннан перне бойлап осы маңға.

Дирижер жап-жас жігіт таныс маған,  
Ол кезде жас едік біз толыспаған.  
Қайтейік қатар жүріп өсе алмадық,  
Ажалмен арпалыстық соғыс салған.

Тосын сәт кез қылсам деп өзінді бір  
Сағынып сабылсам да төзім қылдым.  
Көргенше ақ дидарың асығушы ем,  
Кеудемде тайша тулап сезім шіркін.

Тағатсыз кәусәр көңіл бастап алға.  
Жол түсіп талай бардым астанама.  
Досым да жүреді еken жиһан кезіп,  
Уағыздап ел өнерін басқаларға.

Өтіпті жүз көріспей он төрт мың күн,  
Ғажап қой үзілмеген өмір шіркін,  
Отырмын сол жылдардан түйін түйіп  
Сахнаға қарап қойып дүркін-дүркін.

Күйшілер дәл басқандай ой сезімді  
Қоңыр үн желпіндіріп кетті өзімді.

Осынау тұтас тұлға күштіліктен,  
Сенің де көрсем, досым, от кезінді.

Құс қанат қиялымды шарықтатып,  
Әкетті сиқырлы әуен алып қашып  
Жүрегім тұрсың ба деп өз орнында,  
Қолыммен аялаймын басып-басып.

Тағы да әсем әуен қайталанды,  
Үкілі тақиялар шайқалады,  
Жалт ойнап күй теңіздің төскейінде,  
Дирижер таяқшасы байқалады.

Елес боп бала күнгі балғын шағым,  
Балбырап балаусалы болдым сағым.  
От демді желкөріктей күрсінумен  
Отырдым іштей құрап жыр шумагын.

Дүр етті концерт соңы, халық тұрды,  
Бұл сәтте мен де ұмыттым алыс қырды.  
Осылай кең сахнада қауыштық біз,  
Адасқан семьядай соғыс жылғы.

Көзде жас, сүйдік беттен шөпілдесіп,  
Дос көңіл бой көтеріп жетілді өсіп.  
Арманның домнасында қайта балқып,  
Жасардық жарастықтың отында өстіп.

Өзінді құттықтаймын, келші бері,  
Құшпасам дос көңілім көншімейді.  
Өйткені бала кезден бауыр басқан,  
Бұл достық жан сергітер, еншім еді.

## ЕЛДІГІМ МЕНИҢ

Уа, ұлы Отан, өзінді ойлап алацмын,  
Домбырацмын күйін шерткен даламның,  
Жұрт котерген жүктегенді қолдасып,  
Заманыммен бірге жасап, жаңардым.

Ауыр жылдар тиді біздің еншіге,  
Жауға аттанды егінші де, кенші де.  
Тылдағы жұрт бір адамдай жұмылдық.  
Аянбадық сен де, мен де, көрші де.

Соны жырға қосқым келіп мен бүгін,  
Сезім тербел шабыттанып, сергідім.  
Кекіректегі көркем ойдың құдіреті,  
Айтсын менің ел-жұртымның ерлігін.

Еске түссе соғыс аты — тоқталам,  
Төрт жыл бойы қашама қан төкті адам.  
Уа, жас ұрпақ, аңламайсың оны сен,  
Сүм фашистер атпаған соң оқ саған.

\* \* \*

Шарпылып сарғайсам да соғыс өртке,  
Шарқ ұрып қарсы шықтым қайғы-дертке.  
Басқадан мені макрұм етсөң-дағы,  
Елімнен бақ тағдырым жетім етпе.

Өскен жер Атыраудың өңірі еді,  
Жалғасқан арманыма өмір легі.  
Осыдан басталғандай ұлы мақсат,  
Адамы маған ыстық көрінеді.

Солардан өнер-білім, тәлім алдым,  
Бұларға басқалардан танымалмын.

Өзім де солар үшін жарапғандай  
Жұрттымды бір көрмесем сағынамын.

Кенеттен қозғалғандай жер өзегі,  
Ақ боран үрғылайды терезені.  
Қасымда әкем де бар, шешем де бар.  
Бір қауіп балғын ойды неге езеді?

Қараймын мұз әйнектен көзім жайнап,  
Іш тартып мектептегі кезімді ойлад.  
Жыртылған газет, журнал параптарын,  
Түптеуші ем дәптер жасап шандып байлап.

Біз қайда, майдан қайда ара шалғай  
Мен бірақ жүрдім жаудан аласармай.  
Маңына Москваң түскен бомба,  
Қоймады жүрегіме жара салмай.

Қайдасың, балалығым, тәтті жырым,  
Тым ерте бұлтқа кіріп батты күнім.  
Оқуды енді еңбекке айырбастап,  
Жоғалттым қоңыраудың шаттық үнін.

Кезімде он алтыға жаңа жеткен,  
Шынымен кеткениң бе, бала көктем.  
Қолыма айыр беріп, шалғы ұстаттың,  
Әп-сэтте жетілердей аға боп мен.

Әкеме сүйенер ем, ол да кәріп,  
Қинайды көне ғжөтел аяқ шалып.  
Әйтсе де шәкірттерден көз үзбеді,  
Жан еді жүдемейтін жоққа налып.

Құртқандай ел ырысын соғыс тегі,  
Мұқтаждық ауыл үйде тегіс еді.

Әйтеуір, бір жақсысы осындайда,  
Көршілер қолда барды бөліседі.

Сипайтын қасы, бірі мәңдайымнан,  
Жанымды арашалап сан уайымнан.  
Аузынан бөліп берген жарты құрттың,  
Ақ дәмі бал татитын таңдайымнан.

Құн бойы жан сергітіп қызу іспен,  
Мақтайтын сарсу шәйін күліп ішкен.  
Ақ пейіл арманы асқақ осы жандар,  
Отанға жеңіс тілеп көңілі ескен.

Бұл мекен — ардагерлер өңірі еді,  
Ұрпағы өркен жайған өмір елі.  
Адамның таң нұрындаи нұрландырып,  
Желбіреп қызыл туы көрінеді.

Көне көз шаруа адамдар малын жайлап  
Жүретін келер күннің қамын ойлап.  
Кей сэтте күйттеп алып домбырамды,  
Сырғытып «Сарыарқаны» берем ойнап.

Кететін содан көңіл көтеріліп,  
Бөйыма күш бергендей еселі үміт.  
Пернемді басқан сайын өршелене,  
Саусақпен арманымды кетем іліп.

Тағдырдың құлазыған құба таңы,  
Еш жанды өздігінен қуантпады.  
Мендегі халқым сүйген қайран өнер,  
Өксіген ел көңілін жұбатады.

Тұрғандай шаттық үні сонан тарап,  
Ерте-кеш аptyғамын таппай тағат.

Жоқтатпай жүдеулігін дүниенің,  
Жұртымның кәдесіне жүрдім жарап.

Осынау қындыққа қарамастан,  
Шымыр бәп ширақ өстім бала жастан.  
Экемнің табысына масыл болмай,  
Еңбекке он жасымнан араласқам.

Көнетоз үстімдегі шолақ шекпен,  
Бойымды жылытқандай азап шсккен.  
Кәдімгі белім бекіп, бой көрсетіп,  
Мен енді жүрдім қатар ересекпен.

Тұрса да иықтан басып жүгім менің,  
Саспадым, қаймықпадым, сүрінбедім.  
Майданға тылда осынау көмек беріп,  
Шынықтым серппедей боп, сіңірлендім.

Дән сеуіп диқандармен қырда егісте,  
Ән шырқап мал жайыстым кейде өрісте.  
Арқау ғып соның бәрін арманыма,  
Өсіп ем сол қияпат төңкерісте.

Жыл отті келіп қаппын он жетіге,  
Шамам бар жендеттермен белдесуге.  
Қараймын ой жүгіртіп ел шегінің  
Қып-қызыл от шарпыған келбетіне.

Қалмасын жау қолында пүліш далам,  
Кейіме тентегіце, абзал анам.  
Дәрменсіз елде тегін жүргенімше,  
Оқ болып жауға атылып кетсін балан.

Бұл сөзді анам естіп аймалады,  
Ел ішіне бір жұттық жайланаң-ды.

Ол мені құшырлана сүйіп жатып,  
Сабырмен күрсінеді — толғанады.

Эрине төзім қажет анаға да,  
Айырылу оңай ма екен балаға да.  
Әкем түр екі көзі оттай жайнап.  
Көргендей өскенімді жаңағана.

Беймаза Ақжайықтың толқындары,  
Толассыз ұрғылайды толқып жарды.  
Сөзімді қостағандай бұлқынады ол,  
Жауыма танытпақ боп өр тұлғамды.

Айдынын толтырмасам арманымның,  
Көрінсін ел көзіне қайдан ұлың.  
Қайтпадым алған беттен, бөгелмедім,  
Женіс боп сөз теркіні байламымның.

Окотан жалғыз ағам жазған хаттың,  
Ішінен оты жанған түйін тастым.  
Ерлікті арманымның арқауы қып,  
Жанымды жалынға орап майдан тарттым.

\* \* \*

Күз еді Орал маңын іңір басқан,  
Тосын бір сыр ұққандай сырылды аспан.  
Тағатсыз жүйіткіп аққан эшелонмен,  
Батысқа тарта бердік бұрылмастан.

Тоқтау жоқ басып өттік қалаларды,  
Белгісіз қанша жүрдік саналмады.  
Кенеттен командамен тоқтай қалып,  
Адамдар орман ішін паналады.

Сыңсиды ақ қайындар, қарағайлар,  
Қалғандай өз бетімен дала жайлар,

Атты таң, батты күндер паракталып,  
Шарпылып жанып бітіп барады айлар.  
Алдында қызыл тулы ақ шатырдың,  
Ант беріп, солдат болып сапқа тұрдым.  
Мен бұнда майдан алды кездестірдім.  
Талайын өзім тәндес жас батырдың.

Анқаулық, аңғалдықты ұмыт қылып,  
Бойды да алдық біраз шынықтырып.  
Отаным өзі баулып батылдыққа,  
Күн бізді құттықтайтын күліп тұрып. ♦

Шомылым сол шуаққа жас жанымыз,  
Әлдилеп аялайтын аспанымыз.  
Кей сәтте ғәмір атты ақ бесікке,  
Оқ тиіп шайқалатын ақ таңымыз.

Солдатпыз ақпандагы оқ секілді,  
Арада бір бөтен жан жоқ секілді  
Сырласпыш,  
тағдырласпыш,  
бейнеттеспіш.  
Найзалар өрманынан да көп секілді.

Арада аға да жүр, дана да жүр,  
Жас қыз бен боздақ жігіт бала да жүр.  
Бәріне басшы болып ұран салып,  
Ақ шашты коммунистер арада жүр.

Солардың өрліктері құлшындырып,  
Келемін зұлымдықтың бұлтын түріп.  
Достықтың бекім күші бойымдағы,  
Барады мені ілгері ұмтылдырып.

Күндіз-түн қолым кетпей мылтығымнан,  
Арман бол желбірейді ту тұғырдан.

Аяқты басқан сайын айбаттанып,  
Жеңіске қол созады жұлқынып жан.

Тайсалмай талай рет алғы сапта,  
Жүргенді жазбақ болып сәлем хатқа.  
Отырдым тар окопты бөлме жасап,  
Ойымды жиып төгіп бір паракқа.

Ішінде сол сағыныш-желкенінің,  
Тулайды бойға сыймай еркелігім.  
Хат жазсам жау жерінде өзінді ойлаң,  
Уа, анама ол да үміті ертеңімнің.

Өзіңнен айлап жүріп келген хаттың,  
Ішінен жүрегіме жылу таптым.  
Ол мені сан шайқастан аман сактаң,  
Жүргендей солдат жанын жарылқаттың.

Ұлым деп аттанарда аймаладың,  
Сол күнді сағынышпен ойға аламын.  
Егіліп біз қаншама жас төксек те,  
Аналық мейіріміңе тоймағанмын.

Кетпестей көз алдымнан күрсінгенің,  
Сағынған жүрегіндей дүрсілдедім.  
Бұл хатты тым асығыс жазғаным сол,  
Комсомол ұлың барын білсін дедім.

Тұнгі елес ұйлыққандай үйме-жүйме,  
Қамалды шат көңілім қапа күйге.  
Оқ асты хатты ұлгірттім елге ұшырып,  
Оқып бір бой жазсын деп анам үйде.

Сол хатпен қақты бірге таң канатын,  
Менің де кетті ішімде махаббатым.

Аңсаған достарыма тындарсын ол,  
Солдаттық тынысымның әр сағатын.

Кенеттен жау дүбірін көрді көзім,  
Алға — деп бүйрық берді командирім.  
Шайқаста шалдықтырып қас дүшпанды,  
Көрсеттім елдігімнің ерлік кезін.

Тістеніп табан тіреп қалмай төзім,  
Әкетті шымырлатып қайрат сезім.  
Кеудемді танк қылып лап бергенде,  
Сезбеппін бойымдағы жарамды өзім.

Тапқандай алпыс оқтың бір нұктесін,  
Тарттым да автоматтың шүріппесін.  
Қарбалас оқ боратып ұмтылдым тек,  
Ажалдың жауға қарай бұрып көшін.

Білмеймін қаншасының құлағанын,  
Қын-ды дәл есебі бұл араның.  
Жер-жерде жанып жатқан жау танкісін,  
Көрем де, есім жиып қуанамын.

Зіл басып өнбей қойды жүрісім де,  
Бұндайда қайтпек керек түн ішінде.  
Төзім мен сабырлықтан пана тауып,  
Бұлқынып шын солдаттық сыр ішімде.

Жау қуған достарымның дүбірлері,  
Жаңғыртып бара жатты дүйім жерді.  
Өліммен жанталасып жатсам-дағы,  
Әсте бір жалғыздығым білінбеді.

Бұрауы екі ішектің күйге түспей,  
Ақ үміт, асыл арман күйреді іштей,

Шайқалтып тірлігімнің шаңырағын,  
Дүние бұлдырады көрген түстей.

Сұр аспан күніреніп ішін тартып,  
Жер беті мұнартады жалын шарпып.  
Астында қара барқыт шымылдықтың,  
Жаттым мен жарақатым жанға батып.

\* \* \*

Жерде дүлей аспан асты қарағы,  
Тұн шертеді күндізгі сол зар-әнді.  
Жау оғынан ажал төніп жатқанда,  
Кім таңды екен көкіректегі жарамды?

Сыз өтті ме салқын тиіп жөтеліп,  
Күркіреймін көмейімнен от өріп,  
Бірақ мені әкетіпті ол жерден,  
Оққа бермей госпитальге көтеріп.

Жанағымнан жалын үшқын тарамай,  
Аспан үйтқып төңкеріліп барады ай.  
Әлсіреймін талмаусырап ауытқып,  
Жұрт көшіп, қайта жанған шаладай.

Талай мәрте қапаландым, қамықтым,  
Талай рет естен солай таныппын.  
Өн бойымда дәрмен тіні қалмапты,  
Қайда менің анам берген жарық күн.

Солдат жаны майдан тынбай тынбайды,  
Солдат жанын қажыта алмас мұң-қайғы.  
Оның соққан жүрегінде елдік бар,  
Ол Отанның бүйрығын тек тындейдый.

Осы бір сәт сыбыр етті тіршілік,  
Тұрды алдымда бір аппақ қыз күрсініп,

Соның гана мархабаты күшті екен,  
Жылыстады төнген ажал түршігіп.

Ол бейтаныс жан болмады бір өткін,  
Ол досы екен сол жарапы жүректің.  
Бой көтеріп, сапқа тұрып қайтадан,  
Сауықтырған қыз бетінен бір өптім.

Ой салғандай оның жарқын күлгені,  
Алып кетті өн бойымды гүл демі.  
Қыз да тұрды үнсіздікке бөгеліп,  
Мен асықтым алғы шепке кіргелі.

Қайсаrlықпен қатуланып жауыма,  
Бас игіздім сонау Әлпі тауына.  
Өттік жарып Эльба, Висла, Одерді,  
Тұмандарда оқ бораған дауылда.

Рахмет саған, дәрігер қыз, сол үшін,  
Жалғастырдың өмірімнің өрісін.  
Сенің арқаң жау ордасын ойрандал,  
Тойын тойлап жүргенім де жеңістің.

\* \* \*

Көз алдымда жеңіс жылдың көктемі,  
Алма бақтар қайта гүлдеп көктеді.  
Машықтырды ақындардың жырлары,  
Асықтырды туған елдің от демі.

Күміс бұрым таудың мөлдір бұлағы,  
Сықылықтап төскейлерді үрады.  
Бар тіршілік күнге қарап табынып,  
Барлығы да жерге тағлым қылады.

Домбыралар күй шерткендей гүмбірлеп,  
Поездар да жүйткіді кеп тым жүрдек.

Армандарын биқтерге самратып,  
Майдангерлер елге оралдық бір-бірлеп.

Шықты анашым шинель киғен ұл көріп,  
Құшағына қызыл-жасыл гүл толып.  
Несерінен сағыныштың біз сол кез,  
Балқып кеттік, шалқып тасып нұр болып.

Сусып түскен жапырактай сарғайып,  
Әке жоғын қалай еске алмайық.  
Ағам енді сол мектепте ұстаз болп,  
Інім жүрді қырда ән салып, мал жайып.

Көрсем-дағы мұқтаждықты, аштықты,  
Білмеуші едім қиянatty, қастықты.  
Жоғалтқам жоқ ажал асты жүрсем де,  
Елге деген махаббат пен достықты.

Ортаға алып ауылдағы достарым,  
Жең түрдім де тыңдал өмір бастадым.  
Малға толы мынау байтақ өрістен,  
Жайраң қақты менің албырт жас шағым.

Жаутаңдаған жанарыма гүл тұнып.  
Мың қуандым, мың құбылып, мың құліп.  
Қарап тоймай сүйсіне көз салам  
Бірге оқыған қыз-жігітке ынтығып.

Жаным шуақ, көңілім нұр, сөзім жыр,  
Сағынышым шартарапты кезіп жүр.  
Қайда барсам өнер мені іздеді,  
Бақыттылық дедім бұның өзін бір.

Кезең ғой бұл құллі ғалам жаралы,  
Әр кімде де бір толықсу бар әлі,

Талай ана ұлдарынан айырылып,  
Талай әке жау оғынан қаралы.

Жоғалған жоқ олар гүлдеп көктеді.  
Сөйледі ұнсіз шежіре боп өткенді.  
Сол есімдер риясыз достықтай,  
Берді бізге күн жылуын көктегі.

Жаңып сүйіп жомарттығын даламның,  
Сағындырган ауылымнан нәр алдым.  
Жақсылықтан ауытқымайтын компастай,  
Жүрегіне жақын жүрдім адамның.

Оянғандай үйқысынан армандар,  
Аймаластық жаудан тірі қалғандар.  
Кең далада егін егіп, мал жайып,  
Үй тұрғыздық ауылымызда сол жандар.

Медаль тағып жайраңдаған жігітпін,  
Бәрі қалды соғыс жылғы күдіктің.  
Нар тәуекел клуб ісін қолға алдым,  
Қолға алдым да онан терең сыр ұқтым.

Білсем-дағы маған білім керегін,  
Бірақ қазір елге қажет өнерім.  
Кете алмадым малды ауылдан, анамнан,  
Соғыстан соң соған уәде бергенмін.

Жұртқа ұнап көз байлайтын сиқырым,  
Жәрменкесін құруши едік күлкінің.  
Кей сәттерде өлең жазып, әндесем,  
Сурет салмай өтпесуші еді бір күнім.

Жолдар жатты ши байланып жүздеген,  
Көп сүріндім беймағұлым ізбенен.

Өмір өзі бізден тірлік күткендей,  
Алдымызға жаятын жан қанатын.

Қару біткен қайта балқып домнада,  
Астық болып күйилса екен қамбаға.  
Деп тіледік, бұл тілекті ұран қып,  
Компартия берді қолға жолдама.

Жоспарланып молшылықтың негізі,  
Аян берді миллиард пүт лебізі.  
Тракторлар тарпа бас сап тұс-тұстан,  
Тың төскейге ел үмітін емізді.

Осылайша тыңға жорық басталды.  
Асыл арман баурап алды жастарды.  
Шат күлкіміз көкжиегін кеңейтіп,  
Жазды ақындар тың туралы дастанды.

Шаңын түріп құлазыған даланың  
Жүрді бірге қыз-жігіті қаланың.  
Отандастар шаттығыма үн қосып,  
Басталған-ды бейбітшілік заманым.

Москва деп құлақ түріп жер жүзі.  
Таныды әлем қазақ деген елді ұлы.  
Сол достықтың салтанатын жырлатқан,  
Бұл да менің ел-жүртүмның ерлігі.

Аты шулы Ақ Жайығым әйгілі,  
Ұлы істермен ұмыттырдың қайғыны.  
Ойда егін, қырда малың қаптаған,  
Жерің жомарт, суың арман айдыны.

Гүл жайнаған көк белесін еңбекпен,  
Қанша маман өзінде өсіп ер жеткен.

Сонда-дағы үмітімнен көз жазбай,  
Өскен жерден өнер отын іздеген.

Бұл жылдары дәл жиырма бір жаста едім.  
Өнерлінің танушы едім қас-көзін.  
Олар сонан клубқа көп келетін.  
Арамызды жалғастырып жас сезім.

Жүрдік қырда сахна жасап жайлауды,  
Қажеті не шымылдықты ойлауды.  
Машина жоқ, көліктеге тиеліп,  
Құмартушы ек ел өнерін тойлауды.

Домбыраға қобыз сырнай қосылып,  
Әрлентеді күй шаттығын өсіріп.  
Аккорд басқан саусақтарша жөнкитін,  
Көңіл шіркін алып үшып кесіліп.

Дөңгеленіп шықса ортаға биші қыз,  
Жүрттан бұрын шалқытының күйші — біз.  
Анам сонда өз келінім болғай деп,  
Осы қызға сүйсінуші ек үй ішіміз.

Жүрді қыз да ақ тотыдай таранып,  
Арамызда жаразтықтың бары анық.  
Жыл сонында бір жас отау қосылды,  
Ауылдағы көне шаңырақ жаңарып.

Көргім келіп жүрттан бұрын таң нұрын,  
Жаттап айттық қанша автордың ән-жырын.  
Қайткенде де озбақ болып уақыттан,  
Қызықтаушы ек, жастық шақтың сан сырын.

Жалындағы еңбекпен әр сағатын,  
Өнерлі де сонан дамыл табатын.

Сол албырттық берекемді тасытып,  
Малды ауданда күй шертемін сен боп мен.

Шежіредей тарихи сыр сақтаған,  
Уа, қағазым, атақ-даңқың бақ маған.  
Аспанымнан бақтыымның желі есіп,  
Жайлауымда күлімдейді шат заман.

Маған ыстық бір күнімнен бір күнім,  
Космоста да сыңғыры бар күлкімнің.  
Келешегі шалқар шабыт секілді.  
Өнер сүйгіш жүргегіндей жұртыымның.

Қол созғандай арманымның ертеңі,  
Жүрек толқып дәуір күйін шертеді.  
Ата деген немеремнің үнімен  
Көңіл өсіп, көтеремін еңсені!

# МАЗМУНЫ

«Сүйемін» . . . . .	5
«Софыстан соң» . . . . .	6
Коммунистер . . . . .	—
Орыс досыма . . . . .	7
Анама . . . . .	8
Жиырма алтыншы жылғылар . . . . .	—
Даланың ақ гүлі . . . . .	10
Өнерім-ай . . . . .	11
Ақ тілек . . . . .	12
Той әсері . . . . .	13
Қөніл қасиеті . . . . .	14
Үңілдім бір сәт айнаға . . . . .	15
Балалықты аңсау . . . . .	16
Сағыныш . . . . .	—
«Сүйемін» . . . . .	18
«Сағындым мен» . . . . .	—
«Алматыға баарда» . . . . .	19
«Тосын бір сәт» . . . . .	—
Майор Маuletовке . . . . .	20
«Сейің күлкің» . . . . .	21
Жолда . . . . .	22
«Қөнілімді еліктіріп» . . . . .	—
«Аппағым-ау» . . . . .	23
«Айналдым мен көзіңней» . . . . .	—
Әніңді аңсаймын . . . . .	24
«Нәрестенің күлкісі» . . . . .	—
Тұңғыш ән . . . . .	25
Бесік жыры . . . . .	—
Ұлыма . . . . .	26
Батыр туралы баллада . . . . .	27
Естелік жыры . . . . .	36
Елдігім мениң . . . . .	41

25 T.